

## Жаңаөзен қаласы бойынша жаңа сайлау учаскелерін құру туралы

Жаңаөзен қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 14 мамырдағы № 39 шешімі. Жаңаөзен қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 маусымда № 11-2-139 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңына сәйкес және сайлаушылар санының өсуіне байланысты, **ШЕШЕМІН:**

1. Жаңаөзен қаласы бойынша жаңа 4 сайлау учаскелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес құрылып, шекаралары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау қала әкімінің орынбасары О.Нұржаубаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

О.Сарбөпеев

Жаңаөзен

қаласы

әкімінің

2010

жылғы

14

мамырдағы

№ 39 шешіміне қосымша

### Сайлау учаскесі

Орталығы – 3 А шағынауданы «Жалын» жастар орталығы

Шекарасы:

Шұғыла шағынауданы: 24/26, 27/28, 29 - үйлер.

### Сайлау учаскесі

Орталығы – Ақсу шағынауданы, № 18 орта мектеп

Шекарасы:

Ақсу шағынауданы: Тәжіғалиев, Әбілхайыр хан, Ж.Дәуітов, М.Қайырлиев, Т.Қағазов, Ерменбет би, № 9а, 9б, 9в, 10а, 10б - көшелеріндегі үйлер;

Жұлдыз шағынауданы: барлық көшелердегі үйлер;

Мерей шағынауданы: барлық көшелердегі үйлер.

### Сайлау учаскесі

Орталығы – Арай шағынауданы, № 19 орта мектеп

Шекарасы:

Өркен шағынауданы: № 67, 68, 69, 70, 71, 73, 74, 75 - үйлер;

Арай шағынауданы: № 15 - көшедегі барлық үйлер;  
Ақбұлақ шағынауданы: Азаттық, Құлбарак батыр, Бозашы, Т.Алдашев, № 17, № 21,  
Т.Қадыров, М.Кулебякин, Т.Әшімбаев көшелеріндегі барлық үйлер.

### **Сайлау учаскесі**

**Орталығы – Шаңырақ шағынауданы, облыстық балалар үйінің ғимараты**  
**Ш е к а р а с ы :**

Мұнайлы шағынауданы: Спорт, № 1 – 9 - көшелеріндегі барлық үйлер;  
Бостандық шағынауданы: № 9 – 24 - көшелеріндегі барлық үйлер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК